

# **ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ**

**«Түркістан облысы мемлекеттік сатып алу басқармасы қызметінің тиімділігіне және бюджет қаражаттарының пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелеріне**  
**АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ**

**ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ**  
**2024ж**

## **МАЗМҰНЫ**

### **I. Кіріспе бөлік**

- 1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы
- 1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты
- 1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері
- 1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең

### **II. Негізгі (талдамалық) бөлік**

- 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау
- 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері
- 2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау

### **III. Қорытынды бөлік**

- 3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар
- 3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар
- 3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар
- 3.4. Қосымша:  
Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі.

## **I. Кіріспе бөлік**

**1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы:** Түркістан облысы мемлекеттік сатып алу басқармасы қызметінің тиімділігіне және бюджет қаражаттарының пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу.

**1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты:**

Мемлекеттік аудит объектісі қызметінің тиімділігіне, бюджет қаражаттарының пайдалануына мемлекеттік аудит жүргізу.

**1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері:**

«Түркістан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі.

**1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең:** 2022 жылдың 01 қаңтарынан 2023 жылдың 31 желтоқсаны аралығы.

## **II. Негізгі (талдамалық) бөлік**

**2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау**

«Түркістан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі (*бұдан әрі – Басқарма*) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орталықтандырылған мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізуді, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу рәсімдеріне мониторингті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

Түркістан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 21 қарашадағы №228 қаулысымен Басқарма туралы Ереже (*бұдан әрі – Басқарма туралы Ереже*) бекітілген.

Басқарманың құрылтайшысы Түркістан облысы әкімдігі болып табылады және Басқарма туралы Ереже, Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

Басқарманың мақсаттары:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз ету;

2) Мемлекеттік сатып алу рәсімдеріне мониторингті мемлекеттік сатып алуды жүргізу сапасын арттыру, мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсауды қамтамасыз ету;

3) мемлекеттік сатып алу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру болып табылады.

Бұл мақсаттардың жүзеге асырылуы Басқарманың тауарларды мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру, қызметтерді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және мемлекеттік сатып алуға мониторинг жүргізу бөлімдеріне жүктеліп, атқарылуда.

Басқарма, өз қызметінде Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» №434-V Заңын (*бұдан әрі - Мемлекеттік сатып алу туралы Заңы*), Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 санды бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын және Қазақстан

Республикасы Қаржы министрінің «Мемлекеттік сатып алуды бірыңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылар жүзеге асыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбелерін анықтау туралы» 2018 жылғы 29 желтоқсандағы №1127 бұйрығын басшылыққа алған.

Мемлекеттік сатып алуларға талдау нәтижесі көрсеткендей бірыңғай ұйымдастырушы ретінде Басқарма, 2022 жылы жалпы сомасы 95,5 млрд. теңгеге 439 конкурс ұйымдастырған. Оның ішінде:

- жұмыстар – 83,2 млрд. теңгеге 210 конкурс;
- қызметтер – 8,0 млрд. теңгеге 157 конкурс;
- тауарлар – 4,3 млрд. теңгеге 72 конкурс.

2022 жылы Басқарма ұйымдастырған сатып алулардың ішінде жалпы сомасы 13,5 млрд. теңгеге 12 сатып алу бұзылған (күші жойылған), оның ішінде: жұмыстар – 13,3 млрд. теңгеге 7 өтінім, тауарлар – 180,1 млн.теңгеге 5 өтінім.

Өткізілген сатып алулар бойынша үнемделген қаржы 4,4 млрд. теңгені құраған.

2023 жылы тапсырыс берушілерден Басқармаға келіп түскен өтінімдер бойынша жалпы сомасы 125,6 млрд. теңгеге 1058 конкурс ұйымдастырылған, яғни 2022 жылмен салыстырғанда 2,5 есе артқан.

Оның ішінде:

- жұмыстар – 89,7 млрд. теңгеге 218 конкурс;
- қызметтер – 14,9 млрд. теңгеге 478 конкурс;
- тауарлар – 21,0 млрд. теңгеге 362 конкурс.

Өткізілген сатып алулар бойынша үнемделген қаржы 9,5 млрд. теңгені құрайды.

2023 жылы Басқармада ұйымдастырған сатып алулардың ішінде жалпы сомасы 10,3 млрд.теңгеге 50 сатып алулар бұзылған (күші жойылған), яғни 2022 жылмен салыстырғанда 4 есеге артқан.

Оның ішінде: жұмыстар – 6,6 млрд. теңгеге 9 өтінім, тауарлар – 3,5 млрд. теңгеге 34 өтінім, қызметтер – 143,6 млн. теңгеге 7 өтінім.

Аталған конкурстардың бұзылуының негізгі себептері, тапсырыс берушілер тарапынан конкурстық құжаттамадағы техникалық ерекшеліктердің нормаларға сәйкес бекітілмеуіне және тапсырыс берушілер тарапынан біліктілік талаптарының заңнамаға сәйкес жолданбауына байланысты орын алған.

Бірыңғай ұйымдастырушы ретінде Басқармамен ұйымдастырылған мемлекеттік сатып алулардың 2023 жылы артуының басты себебі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2018 жылғы 29 желтоқсанындағы «Мемлекеттік сатып алуды бірыңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылар жүзеге асыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбелерін анықтау туралы» №1127 бұйрығының 2-қосымшасына ҚР Премьер-Министрінің орынбасары-Қаржы министрінің 14.09.2022 жылғы №955 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға байланысты орын

алған, яғни бірыңғай ұйымдастырушы ретінде мемлекеттік сатып алулардың саны артуына байланысты орын алған.

## **2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері**

Аудиторлық іс-шарамен қамтылған бюджет қаражатының жалпы көлемі 325 586,0 мың теңгені құрады (*2022 жыл кезеңі бойынша 143 089,0 мың теңге, оның ішінде 001 «Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша 011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен 819,0 мың теңге, 042 Республикалық бюджеттен жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтеріне берілетін субвенциялар есебінен 140 550,0 мың теңге, 055 ҚР Ұлттық қорынан берілетін кепілдендірілген трансферттер есебінен 926,0 мың теңге, 003 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы бойынша 042 Республикалық бюджеттен жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтеріне берілетін субвенциялар есебінен 794,0 мың теңге. 2023 жыл кезеңі бойынша 182 497,0 мың теңге, оның ішінде 001 «Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша 015 жергілікті бюджет қаражаты есебінен 182 497,0 мың теңге).*

Іс-шара қорытындысымен аудит объектісінде анықталған бұзушылықтардың жалпы сомасы **27 871,7 мың теңгені** құрады. Оның ішінде қаржылық бұзушылықтардың сомасы **16 068,8 мың теңге** (*бухгалтерлік есеппен қалпына келтіруге жататыны 8014,5 мың теңге, өтелуге жататыны 8054,3 мың теңге*) және тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражаты **11 802,9 мың теңге**.

Сондай-ақ, рәсімдік сипаттағы **7 бірлік** бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталды, оның ішінде бюджет заңнамасы бұзушылықтары 1 бірлік және өзге де салалық заңнама бұзушылықтары 6 бірлік.

Бұдан бөлек, 2 жағдайда бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларын бұзу бойынша әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар **2 материал** әкімшілік іс жүргізуді қозғау және қарау үшін тиісті уәкілетті органға жолданды.

*Жүргізілген тиімділік және сәйкестік аудиті, мынадай кемшіліктердің барын көрсетті. Атап айтсақ:*

***Аудитпен анықталған 16 068,8 мың теңге қаржылық бұзушылықтар туралы***

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларына (*бұдан әрі – Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидалары*) сәйкес, қаржы жағдайы – қаржы жағдайындағы өзгерістер мен қызмет нәтижелері туралы толық және анық ақпарат беру, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің мақсаты болып табылады.

Сондай-ақ, Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларына сәйкес, Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік қызметтер мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілігі саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасының сақталуын, қаржыландыру жоспарының орындалу барысын, ұйымдармен, мемлекеттік

мекемелермен және тұлғалармен есеп айырысудың жағдайын, ақша қаражаты мен материалдық құндылықтардың сақталуын бақылау үшін толық және нақты ақпаратпен мемлекеттік мекемелерді қамтамасыз етуі тиіс.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 01 тамыздағы №468 бұйрығымен бекітілген Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларында, қаржылық есептілікті жасау кезінде мынадай:

- есепті кезеңдегі барлық операциялардың толық және шын мәнінде көрініс табуы;

- кірістер мен шығыстардың есепті кезеңдерге жатқызылуының дұрыстығы;

- талдамалық есепке алу деректерінің есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың бірінші күніне синтетикалық есепке алу шоттары бойынша айналымдар мен қалдықтарға тең болуы;

- көрсеткіштердің ұқыпты толтырылуы және өшірулер мен бояуларға жол берілмеу талаптары сақталуы тиіс. Қателер түзетілген жағдайда түзету күнін көрсете отырып, қаржылық есептілікке қол қойған тұлғаның растауымен тиісті жазбалар жасалатыны айтылған.

**1-тармақ.** Алайда, Басқарманың бас маманы С.Турежановаға 2022 жылы 1 723,8 мың теңге, 2023 жылы 6 290,7 мың теңге (*жалпы 8 014,5 мың теңге*) қаржы негізсіз аударылған болса да, Қағидаларға сәйкес Дт 1262 «Қызметкерлермен басқа есеп айырысу түрлері бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек» Кт 3241 «Еңбекақы төлеу бойынша қызметкерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек» бухгалтерлік жазба жүргізілмеген.

Осылайша, Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларының 3-тармағының, Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының 4, 15, 33-тармақтарының талаптары бұзылып, 2022-2023 жылдарға әзірленген бухгалтерлік баланстар бұрмаланып, 8 014,5 мың теңгеге қалыптасқан дебиторлық берешектер қаржылық есептіліктерде көрініс таппаған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 04 желтоқсандағы Бюджет кодексінде (*бұдан әрі – Бюджет кодексі*), төлеуге берілетін шотты табыс етудің заңдылығын және негізділігін, төлеуге берілетін шоттың көрсетілген деректемелерінің дұрыстығын қамтамасыз етілетіні айтылса, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы ҚР Еңбек Кодексінде (*бұдан әрі – Еңбек Кодексі*), жалақы жұмыскерге жұмыс уақытын есепке алу бойынша жұмыс берушінің құжаттарында есепке алынған нақты жұмыс істеген уақыт үшін төленетіні айтылған.

**2-тармақ.** Алайда, Басқарманың бас маман-есепшісі С.Турежанова 2022 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында өзінің айлық жалақысынан артық 1 723,8 мың теңге қаражатты, 2023 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында өзінің айлық жалақысынан артық 6 290,7 мың теңге (*жалпы 8 014,5 мың теңге*) қаражатты өз шотына аудару арқылы, негізсіз иемденіп алғаны анықталды.

Бұл ретте, Бюджет кодексінің 97 бабы 6-тармағының, Еңбек Кодексінің 103 бабы 1-тармағының, Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды

жүргізу қағидаларының 187-тармағының және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 04 желтоқсандағы №540 бұйрығымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесінің 215-тармағының нормалары бұзылған.

Аудит барысында Басқарма тарапынан мемлекеттік сатып алу шарттарының орындалуы бойынша бір қатар мемлекеттік сатып алу заңнамаларының бұзушылықтары анықталды.

Атап айтсақ, Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 43 бабы 24-тармағына сәйкес, өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын *(айыппұлды, өсімпұлды)* өндіріп алуды қамтамасыз етуі тиіс.

**3-тармақ.** Алайда, Басқарманың «TS ОҢТҮСТІК МҰНАЙ САУДА» ЖШС-і арасында түзілген 2022 жылдың 13 сәуіріндегі №3 шарты бойынша тауарларды жеткізіп беруді 54 күнге *(602 теңге \* 54 күн = 32,5 мың теңге)*, «TECHNO SEKTOR» ЖК арасында түзілген 2022 жылдың 23 қарашасындағы №11 шарты бойынша 15 күнге *(213,8 теңге \* 15 күн = 3,2 мың теңге)*, «ADK Constructions» ЖК арасында түзілген 2023 жылдың 24 ақпанындағы №6 шарты бойынша 11 күнге *(372 теңге \* 11 күн = 4,1 мың теңге)* кешіктіргені үшін, тапсырыс беруші жалпы сомасы 39,8 мың теңге тұрақсыздық айыбын *(айыппұлды, өсімпұлды)* өндіріп алуды қамтамасыз етпеген *(аудит барысында барлығы 39,8 мың теңге тұрақсыздық айыппұлдар бюджетке толық өндірілді)*.

Осылайша Басқарма, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орталықтандырылған мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізуді, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу рәсімдеріне мониторингті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы бола тұра, Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 43 бабы 24-тармағының талабын сақтамаған.

***Тиімсіз пайдаланылған 11 802,9 мың теңге бюджет қаражаттары туралы***

Мемлекеттік сатып алу рәсімдеріне мониторингті, мемлекеттік сатып алуды жүргізу сапасын арттыру, мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсауды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар үшін «Сатып алу және бюджеттік бағдарламалардың орындалуын бақылау» ақпараттық жүйесі *(Информационная система «Мониторинг закупок и исполнения бюджетных программ. Версия 2»)* жасалып *(бұдан әрі – Ақпараттық жүйесі)* қолданысқа енгізілген. Авторлық құқық иесі Максимов Евгений Игоревич болып табылады, сонымен қатар авторлық шартқа сәйкес арнайы меншік құқықтары «TAN it» ЖШС-не берілген.

2022 жылы Ақпараттық жүйесіне техникалық қолдау көрсету қызметтеріне 5 000,0 мың теңге жаратылған.

2023 жылы «TAN it» ЖШС тарапынан, көрсетілген Ақпараттық жүйесіне техникалық қолдау көрсету және жүйені модификация жасауға жалпы сомасы 19 000,0 мың теңгеге *(ҚҚС қоспағанда)* бағалы ұсыныс түскен. Оның ішінде:

- жүйені модификация жасау қызметтеріне 8 800,0 мың теңге (ҚҚС қоспағанда),

- ақпараттық жүйесіне техникалық қолдау көрсету қызметтеріне (техническое сопровождение) 10 200,0 мың теңге.

Бұдан басқа, Ақпараттық жүйені техникалық қолдау көрсету қызметтеріне «IT Perfect» ЖШС тарапынан 24 000,0 мың теңгеге және «IT START» ЖШС тарапынан 26 000,0 мың теңгеге бағалы ұсыныстар түскен.

**4-тармақ.** Алайда, 2023 жылға қосымша бюджеттік өтінім шығыстарын есептеу кезінде Ақпараттық жүйесіне техникалық қолдау көрсету қызметтеріне 10 200,0 мың теңгеге «TAN it» ЖШС-і тарапынан өнім берушілердің арасында ең тиімді бағалы ұсыныс (меншік құқығы) берілгенімен, Басқарма тарапынан 2023 жылдың 15 наурызында 22 000,0 мың теңгеге (ҚҚС қоспағанда) Ақпараттық жүйесіне техникалық қолдау көрсету қызметтеріне 8797844-1 конкурс жарияланып, нәтижесінде 21 980,0 мың теңгеге «Persona IT» ЖШС жеңімпаз болып танылып, Басқарма мен «Persona IT» ЖШС арасында 2023 жылдың 22 мамырында №15 шарт жасалған. Атқарылған жұмыстар актісіне сәйкес қаржылар толығымен игерілген, яғни 11 780,0 мың теңге бюджет қаражаты тиімсіз жұмсалған.

Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі мынадай принциптерге негізделеді:

**Негізділік принципі** – бюджет жобасына қандай да болсын түсімдерді немесе шығыстарды енгізу қажеттігін және олардың көлемдерінің негізділігін айқындайтын нормативтік құқықтық актілер және басқа да құжаттар негізінде бюджетті жоспарлау, сондай-ақ бюджет қаражаты мен мемлекет активтерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес пайдалану;

**Тиімділік қағидаты** – бюджет қаражатының бекітілген көлемін пайдалана отырып, ең үздік тікелей және түпкілікті нәтижеге қол жеткізу немесе бюджет қаражатының аз көлемін пайдаланып, тікелей және түпкілікті нәтижеге қол жеткізу қажеттігін негізге ала отырып, бюджетті әзірлеу және атқару.

Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 4 бабы 1-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаттарының бірі болып табылады.

Осылайша, Бюджет кодексінің 4 бабының 9, 12) тармақшаларының және Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 4 бабы 1) тармақшасының талаптары сақталмаған.

Сонымен қатар «Дос и Сервис» ЖШС тарапынан «Төлеби ауданы, Бірінші мамыр ауылдық округі, Тағанай ауылындағы 200 орындық жалпы білім беру құрылысы» бойынша 2022 жылғы 16 мамырдағы №6803971-1 электронды конкурсты заңсыз деп тану туралы сотқа талап арыз беріліп, соттың 2022 жылғы 28 маусымдағы шешімімен қанағаттандырылған.

**5-тармақ.** Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының шешіміне сәйкес, 2022 жылғы 15 маусымдағы

№7183501/23-177 төлем шотымен «Дос и К сервис» ЖШС-нің пайдасына 22,9 мың теңге мемлекеттік баж өндірілген, яғни бюджет қаражаты тиімсіз пайдаланылған.

Бұл ретте, Бюджет кодексінің 4 бабының 12) тармақшасының талабы сақталмаған.

***Аудит барысында анықталған 7 бірлік рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар мен кемшіліктер туралы***

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексінің (бұдан әрі – *Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексі*) 40 бабының 2-тармағына сәйкес, мемлекеттік органның мәртебесі мен өкілеттіктері мемлекеттік орган туралы ережеде айқындалады және Мемлекеттік орган туралы ережені әзірлеу және бекіту жөніндегі нұсқаулықты Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Осы баптың 3-тармағына сәйкес, Мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесінің мәртебесі мен өкілеттіктерін айқындау мәселелері бойынша ереже бекітіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» 2021 жылғы 1 қыркүйектегі №590 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік орган туралы ережені әзірлеу және бекіту жөніндегі нұсқаулық, барлық мемлекеттік органдарға қолданылады.

Басқарма туралы Ереженің 2 бөлігі 15-тармағы 1) тармақшасында «Мемлекеттік сатып алуларға жүргізілген мониторинг негізінде қажеттілікке қарай тоқсан, жартыжылдық, жыл қорытындылары бойынша тапсырыс берушілер мен бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне тыңдалымдар өткізеді» делінген.

**6-тармақ.** Алайда, мемлекеттік сатып алуларға жүргізілген мониторинг негізінде қажеттілікке қарай тоқсан, жартыжылдық, жыл қорытындылары бойынша тапсырыс берушілер мен бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне тыңдалымдар өткізілмеген.

Сонымен қатар, Басқарма туралы Ереженің негізінде әзірленген Басқарманың мемлекеттік сатып алуға мониторинг жүргізу бөлімі Ережесінің 7-тармағының 11) тармақшасына сәйкес, осы бөлім мемлекеттік сатып алулардағы бағаларға талдау жұмыстарын жүргізеді делінген.

**7-тармақ.** Алайда, Басқарманың мемлекеттік сатып алуға мониторинг жүргізу бөлімі тарапынан, 2022-2023 жылдары аралығында мемлекеттік сатып алулардағы бағаларға талдау жұмыстары жүргізілмеген.

Осылайша аудиттің пікірімен жоғарыда көрсетілген жағдайлар, өз кезегінде мемлекеттік сатып алу рәсімдеріне мониторингті, мемлекеттік сатып алуды жүргізу сапасын арттыру, мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсауды қамтамасыз ету жөніндегі шаралардың жеткіліксіз деңгейде іске асырылып жатқанын көрсетеді.

Сондай-ақ, Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексінің 40 бабының 1-тармағына сәйкес, мемлекеттік орган өз қызметін ұйымдастыру және ішкі тәртібі мәселелері бойынша Регламент қабылдау қажет.

**8-тармақ.** Алайда аудитпен, Басқармада өз қызметін ұйымдастыру және ішкі тәртібі мәселелері бойынша Регламент қабылданбағаны анықталды.

Бұдан бөлек, Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексінің 39-бабы 3-тармағына сәйкес, мемлекеттік органдардың жұмыс жоспарлары мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшелерінің ұсыныстары негізінде және құқықтық актілерді орындау үшін алдын ала жасалады.

Мемлекеттік органның жұмыс жоспары негізінде осы мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшелері өз жұмыс жоспарларын жасайды.

**9-тармақ.** Алайда аудитпен, Басқарманың 2022 және 2023 жылдарға арналған жұмыс жоспарлары, тиісінше мемлекеттік органның жұмыс жоспары негізінде жасалатын мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшелерінің жұмыс жоспарлары жасалмағаны анықталды.

Басқармада өз қызметін ұйымдастыру және ішкі тәртібі мәселелері бойынша Регламентінің қабылданбауы, Басқарманың және құрылымдық бөлімшелердің жұмыс жоспарларының жасалмауы, өз кезегінде мемлекеттік орган мен құрылымдық бөлімшелердің алдында тұрған іс-шаралардың тиісті деңгейде, сондай-ақ мекеменің алға қойылған міндеттерінің сапалы және уақтылы орындалуы бағытындағы елеулі кемшілік болып табылады.

Аудиттің пікірінше бұл жағдайлар, өз кезегінде мемлекеттік сатып алу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруына кері әсерін тигізеді деп есептейді.

Еңбек Кодексінің 23 бабы 2-тармағының б) тармақшасына сәйкес, жұмыс беруші жұмыскерді ұжымдық шартпен, еңбек тәртіптемесі қағидаларымен, жұмыс берушінің жұмыскердің жұмысына (*еңбек функциясына*) тікелей қатысы бар өзге де актілерімен таныстыруға міндетті.

Ал, Еңбек Кодексінің 22 бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, жұмыскер еңбек міндеттерін келісімдерге, еңбек, ұжымдық шарттарға, жұмыс берушінің актілеріне сәйкес орындауға міндетті.

**Еңбек міндеттері** – жұмыскер мен жұмыс берушінің Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінде, жұмыс берушінің актісінде, қабылдаушы тараптың актісінде, еңбек, ұжымдық шарттарда келісілген міндеттемелері айтылады.

Жұмыс беруші мен Жұмыскердің арасында жасалған еңбек шарттарының 5.6-тармағына сәйкес, Жұмыс беруші жұмыскерді еңбек тәртіптемесі қағидаларымен, жұмыс берушінің жұмыскердің жұмысына (*еңбек функциясына*) тікелей қатысы бар өзге де актілерімен және ұжымдық шартпен таныстыруға міндетті.

**10-тармақ.** Алайда, Еңбек Кодексінің 23 бабының 2-тармағы б) тармақшасының талабы сақталмай, жұмыс берушімен техникалық қызметкерлердің жұмысына (*еңбек функциясына*) тікелей қатысы бар өзге де

актілер бекітілмеген және олармен техникалық қызметкерлер таныстырылмаған.

Бұдан бөлек, техникалық қызметкерлердің штаттық кестелеріне сәйкес, 2022-2023 жылдарға 1 бірлік - іс - қағаздар жөніндегі инспектор, 1 бірлік - аударма жөніндегі редактор, 1 бірлік - рұқсатнама бюросының инспекторы, 1 бірлік - статистик, 1 бірлік - хатшы, 1 бірлік - көшіру-көбейту машиналары операторы, 1 бірлік-мұрағатшы, 2 бірлік – автокөлік жүргізушісі бекітілген.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы №1002 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік органдарға техникалық қызмет көрсетуді және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жұмыскерлер санының бірыңғай салааралық нормативтерінің» 2 тарау 11,13,21 кестелерінде аударма жөніндегі редактор, рұқсатнама бюросының инспекторы, автомобиль жүргізушісі санының нормативтері бекітілген.

**11-тармақ.** Аудитпен техникалық қызметкерлерінің штат бірліктерін нормативке сәйкестігін талдау барысында, Басқарманың функциясы мен орналасқан ғимаратына сәйкес кейбір штат бірліктерінің қажеттілігі жоқ екені (*аударма жөніндегі редактор, рұқсатнама бюросының инспекторы*) және 1 бірлік автомобиль жүргізушісі нормативтен артық екені анықталды.

Осылайша Басқарма, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орталықтандырылған мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізуді, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу рәсімдеріне мониторингті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы бола тұра, Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 43 бабы 24-тармағының талабын сақтамаған.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері туралы» №403 бұйрығының №2 қосымшасы, Қазақстан Республикасы бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы ерекшелігінің құрылымына сәйкес, 131 «техникалық персоналдың еңбегіне ақы төлеу» ерекшелігінен жүзеге асырылады.

**12-тармақ.** Алайда, Басқарманың 2023 жылғы 31 наурыздағы 7183501/23-81 төлеуге берілетін шотымен еңбек шарты негізінде жұмыс атқаратын (техникалық персонал) рұқсатнама бюросының инспекторы А.Әбдіманапқа 102960 теңге, аударма жөніндегі редакторы М.Керімқұлға 102960 теңге, барлығы 205920 теңге наурыз айының жалақыларының авансы 111 «Еңбек ақы» ерекшелігінен төленген.

**2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе).**

Басқарма тарапынан тапсырыс берушілердің мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары орналастырғаннан бастап сатып алу рәсімдеріне талдаулар жүргізілген.

Талдау нәтижесінде, облыс бойынша 2022 жылы жалпы сомасы 458,2 млрд.теңгеге сатып алу рәсімдері аяқталып, келісім шарт түзілген болса, 21,9 млрд.теңгеге сатып алу рәсімдері өткізілмегені анықталған.

2023 жылы жалпы сомасы 439,7 млрд.теңгеге сатып алу рәсімдері аяқталып, келісім шарт түзілген болса, 18,8 млрд.теңгеге сатып алу рәсімдері өткізілмеген.

Сатып алу рәсімдерінің орындалуы бойынша есептілік ай сайын облыс әкімдігіне жолданған және одан бөлек тоқсан сайын қызметтік жазбамен енгізілген.

Басқармада мемлекеттік сатып алу рәсімдеріне жүргізілетін арнайы мониторинг бағдарламасымен 2022-2023 жылдары жұмыс жасауда. Бүгінгі таңда бағдарламаны дамыту, қосымша есептіліктер қалыптастыру бойынша жұмыстары жүргізілген.

Сондай-ақ, 17 аудан, қала деңгейіндегі бірыңғай ұйымдастырушы бөлімдерге және 17 облыстық басқармаларға осы бағдарламамен жұмыс жасауларына мүмкіндіктер берілген.

Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес, 2022-2023 жылдары Басқарма облыс аумағындағы тапсырыс берушілерге мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнамаларын түсіндіруге арналған семинар-конференция, оқыту, түсіндірме жұмыстарын жүргізген.

Аудан, қала әкімдіктері мен облыстық басқармалардың мемлекеттік сатып алуға жауапты қызметкерлеріне мемлекеттік сатып алу саласында заң бұзушылықтардың алдын алу, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында, ҚР-ның Қаржы министрлігі өкілі, Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Түркістан облысы бойынша департаменті, облыстық прокуратура қызметкерлерімен арнайы семинар, мәжілістер ұйымдастырылған.

Облыс бойынша 2023 жылдың мемлекеттік сатып алу жылдық жоспары 464,9 млрд.теңгені құраған, облыс бойынша өткізілген мемлекеттік сатып алудан 2023 жылы 22,0 млрд.теңге қаржы үнемделген *(2022 жылы жылдық жоспар 487,1 млрд.теңгені құраған, үнемделген қаржы 15,6 млрд.теңге).*

Оның ішінде, сатып алудың мәні бойынша:

- жұмыстардың үлесі – 318,3 млрд. теңгені немесе 68,5 %;
- тауарлардың үлесі – 78,2 млрд. теңгені немесе 16,8 %;
- қызметтердің үлесі – 68,4 млрд. теңгені немесе 14,7 % құраған.

Мемлекеттік сатып алу тәсілдері бойынша:

- конкурс – 197,2 млрд. теңгені (42,4 %);
- баға ұсыныстарын сұрату – 31,6 млрд. теңгені (6,8 %);
- бір көзден сатып алу – 196,4 млрд. теңгені, 42,2 % *(оның ішінде: 123 млрд.теңге 62%-ы өткен жылдардан Түркістан қаласын дамыту мақсатында қабылданған Үкімет қаулысына сәйкес түзілген келісім шарттар);*

- өзге тәсілдермен *(электрондық дүкен, тауар биржасы, аукцион)* – 39,7 млрд. теңгені (8,6%) құраған.

Мемлекеттік сатып алуларға мониторинг жүргізу нәтижесінде 2023 жылы облыс бойынша мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің заң талаптарына сәйкес келмеуінен 19,4 млрд. теңгеге 1 402 сатып алу бұзылғандығы анықталған, яғни 2022 жылмен салыстырғанда 47 % өскен (2022 жылы жалпы сомасы 10,2 млрд. теңгеге 805 сатып алу бұзылған).

Мемлекеттік сатып алулардың бұзылуының негізі себептеріне:

- әлеуетті өнім берушілердің қатысуын шектейтін және негізсіз күрделендіретін талаптар қою, яғни мемлекеттік сатып алу заңнамасында көзделмеген біліктілік талаптарын белгілеу;

- техникалық ерекшеліктердің қате кетуі;

- қаржының қысқарылуы және т.б. себептерімен бұзылған.

Атап айтсақ, Ішкі мемлекеттік аудит департаменті тарапынан жалпы сомасы 14,6 млрд. теңгеге 1 029 сатып алулар, өз тарапынан бұйрық негізінде жалпы сомасы 4,8 млрд. теңгеге 373 сатып алу бұзылған, оның ішінде:

1. Ордабасы ауданы 2 млрд. теңгеге 72 сатып алу;

2. Арыс қаласы 2,5 млрд. теңгеге 71 сатып алу;

3. Түлкібас ауданы 646,4 млн. теңгеге 71 сатып алу;

4. Сайрам ауданы 685,2 млн. теңгеге 59 сатып алу;

5. Білім басқармасы 2,7 млрд. теңгеге 321 сатып алу;

6. Денсаулық сақтау басқармасы 1,1 млрд. теңгеге 165 сатып алу және т.б.

Сонымен қатар, 2023 жылы облыс көлеміндегі тапсырыс берушілер бір көзден сатып алу тәсілін негізсіз қолданып жалпы сомасы 2,6 млрд. теңге 151 сатып алуға келісім шарт түзгендігі анықталған (2022 жылы 1,1 млрд. теңге 23 сатып алу бір көзден негізсіз түзілген). Атап айтқанда:

1. Сайрам ауданы 948,9 млн. теңгеге 26 сатып алу;

2. Бәйдібек ауданы 454,9 млн. теңгеге 31 сатып алу;

3. Ордабасы ауданы 424,7 млн. теңгеге 15 сатып алу;

4. Шардара ауданы 282,6 млн. теңгеге 6 сатып алу;

5. Түркістан қаласы 154,2 млн. теңгеге 4 сатып алу;

6. Созақ ауданы 99,8 млн. теңгеге 26 сатып алу;

7. Келес ауданы 76,4 млн. теңгеге 1 сатып алу;

8. Облыстық білім басқармасы 74,8 млн. теңгеге 5 сатып алу;

9. Сарыағаш ауданы 46,8 млн. теңгеге 20 сатып алу;

10. Төлеби ауданы 27,2 млн. теңгеге 12 сатып алу;

11. Жетісай ауданы 8,1 млн. теңгеге 5 сатып алу.

Сондай-ақ, облыс көлемінде Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 207 бабы бойынша 2023 жылы жалпы сомасы 90,6 млн. теңге айыппұлмен 156 лауазымды тұлға (570 хаттама) әкімшілік жауапкершілікке тартылған (2022 жылы 118,7 млн. теңге айыппұл 194 лауазымды тұлға (936 хаттама) толтырылған).

Сонымен қатар, 2022 жылы орын алған бұзушылықтар бойынша жауапты тұлғалардың (бас маман, бөлім басшы) жауапкершіліктері қаралса, 2023 жылы аудан, қала әкімдері мен басқарма басшысының мемлекеттік сатып алуға жетекшілік ететін орынбасарларының тәртіптік жауапкершіліктері қаралған.

2023 жылы Ақпараттық жүйені жүргізу мен дамыту, оны жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу нәтижесінде, мемлекеттік сатып алуудағы бағаларды талдау және есептілік, уәкілетті орган тарапынан күші жойылған хаттамалар бойынша есептілік, бір көзден сатып алынатын сатып алулардың есептілігі, бұзылған сатып алулардың автоматты қалыптастыру есептілігі және т.б. функциялары енгізілген.

Дегенімен, Басқарма қабылдаған шараларға қарамастан аудит бірқатар кемшіліктер мен бұзушылықтарды анықтады.

### **III. Қорытынды бөлік**

#### **3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар**

Мемлекеттік аудит объектісінде анықталған бұзушылықтарды назарға алды және мемлекеттік аудит барысында Тексеру комиссиясының мемлекеттік аудитті жүргізген қызметкерлерімен анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Тексеру комиссиясының отырысы өткізілгенге дейін мемлекеттік аудит қорытындысы бойынша мынадай шаралар қабылданды:

Аудит барысында Басқарманың бас маман-есепшісі С.Турежановаға 2022 жылы айлық жалақысына артық төленген 1 723,8 мың теңге, 2023 жылы айлық жалақысына артық төленген 6 290,7 мың теңге, барлығы 8 014,5 мың теңге 2024 жылғы 06 наурыздағы №2403066070713, 12 наурыздағы №2403129929222, 18 наурыздағы №2403187251372 және 19 наурыздағы №2403190810656 түбіртектермен бюджетке толық өндірілді.

Сонымен қатар, аудит барысында шарт негізінде жеткізу мерзімдерін кешіктірген өнім берушілерден 2024 жылғы 07 наурыздағы №2403078882232 түбіртекпен 3,2 мың теңге, №2403078872616 түбіртекпен 4,1 мың теңге, 19 наурыздағы №2403192176721 түбіртекпен 32,5 мың теңге, барлығы 39,8 мың теңге тұрақсыздық айыппұлдары бюджетке толық өндірілді.

Сондай-ақ, бухгалтерлік есептілікті жасау кезінде лауазымды адамдардың іс-әрекетінде әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар 2 материал ӘҚБтК-нің 238 бабына сәйкес, әкімшілік іс жүргізуді қозғау үшін Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне жолданып, департаменттің 2024 жылғы 22 сәуірдегі №02-38/1869 және 02-38/1870 хаттарына сәйкес, Басқарманың бас маман-есепшісі С.Турежановаға 184,6 мың теңге айыппұл салынды.

#### **3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар**

**Мемлекеттік аудит көрсеткіші:** *Тиімділік - жоспарланған және алынған нәтижелердің оларға қол жеткізу үшін пайдаланылған ресурстар ескерілгендегі арақатынасы.*

**Арнайы көрсеткіш:** *Мемлекеттік сатып алу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру.*

Басқарманың негізгі қызметі Ережеде айқындалған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орталықтандырылған мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізу, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу рәсімдеріне мониторингті жүзеге асыру ретінде іске асырылған.

Осы мемлекеттік аудит, Басқарма қызметін іске асыруда және Басқарманың ішкі құжаттарын әзірлеу және бекіту кезінде бірқатар бұзушылықтар мен кемшіліктердің бар екендігін көрсетті.

Басқарма тарапынан мемлекеттік сатып алуларға жүргізілген мониторинг негізінде қажеттілікке қарай тоқсан, жартыжылдық, жыл қорытындылары бойынша тапсырыс берушілер мен бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне тыңдалымдар өткізілмеген.

Сонымен қатар, мониторинг бағдарламасын жетілдіру жұмыстары аяқталып, сатып алулардың бағаларына талдау функциялары қосылғанымен, жалпы мониторинг бағдарламасы арқылы мемлекеттік сатып алулардағы бағаларға талдау жұмыстары жүргізілмеген.

Осылайша, жоғарыда көрсетілген жағдайлар, өз кезегінде мемлекеттік сатып алу рәсімдеріне мониторингті мемлекеттік сатып алуды жүргізу сапасын арттыру, мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсауды қамтамасыз ету жөніндегі шаралардың жеткіліксіз деңгейде іске асып жатқанын көрсетеді.

Сондай-ақ, Басқармада өз қызметін ұйымдастыру және ішкі тәртібі мәселелері бойынша регламенті қабылданбаған.

Сонымен бірге, мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшелерінің ұсыныстары негізінде және құқықтық актілерді орындау үшін алдын ала жасалатын мемлекеттік органның 2022 және 2023 жылдарға арналған жұмыс жоспарлары, тиісінше мемлекеттік органның жұмыс жоспары негізінде жасалатын мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшелерінің жұмыс жоспарлары жасалмаған.

Басқармада өз қызметін ұйымдастыру және ішкі тәртібі мәселелері бойынша регламентінің қабылданбауы, басқарманың және құрылымдық бөлімшелердің жұмыс жоспарларының жасалмауы, мемлекеттік орган мен құрылымдық бөлімшелердің алдында тұрған барлық іс-шаралардың тиісті деңгейде, сондай-ақ мекеменің алға қойылған міндеттерінің сапалы және уақтылы орындалуы бағытындағы елеулі кемшілік болып табылады.

Бұл жағдайлар, өз кезегінде мемлекеттік сатып алу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруына кері әсерін тигізеді деп есептейді.

**Мемлекеттік аудит көрсеткіші:** Мәнділік - мемлекеттік аудит объектісі қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының сақталуы.

**Арнайы көрсеткіш:** Бюджеттік бағдарламаларды жоспарлау негізділігі және оның игерілуі.

Жалпы бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша 2022 жылы 143 089,0 мың теңге жоспарланып, оның 143 015,8 мың теңгесі игерілген немесе жоспар

99,9% орындалған, 73,2 мың теңге игерілмеген қаржы нақты шығыстардан үнемделген, оның ішінде:

718 001 «Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша 142 295,0 мың теңге жоспарланып, 142 251,2 мың теңге игерілген, үнемделген қаржы 43,8 мың теңге;

718 003 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы бойынша 794,0 мың теңге жоспарланып, 764,6 мың теңге игерілген, үнемделген қаржы 29,4 мың теңге.

2023 жылы 718 001 «Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы 015 жергілікті бюджет қаражаты есебінен 182 497,0 мың теңге жоспарланып, нақты 182 491,1 мың теңге игерілген. Шығыстардан үнемделген қаржы 5,9 мың теңгені құрайды.

Аудит объектісі бюджеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде көзделген іс-шараларды тұтастай орындады.

Дегенімен, аудит объектісі қабылдаған шараларға қарамастан аудит бірқатар кемшіліктер мен бұзушылықтарды анықтады және негізгі бағыттарды жүзеге асыруда кемшіліктер бар екенін байқатты.

Іс-шара қорытындысымен аудит объектісінде анықталған бұзушылықтардың жалпы сомасы **27 871,7 мың теңгені** құрады. Оның ішінде қаржылық бұзушылықтардың сомасы **16 068,8 мың теңге** (*бухгалтерлік есеппен қалпына келтіруге жататыны 8014,5 мың теңге, өтелуге жататыны 8054,3 мың теңге*) және тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражаты **11 802,9 мың теңге**.

Сондай-ақ, рәсімдік сипаттағы **7 бірлік** бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталды, оның ішінде бюджет заңнамасы бұзушылықтары 1 бірлік және өзге де салалық заңнама бұзушылықтары 6 бірлік.

Мемлекеттік аудит нәтижелері көрсеткендей, аталған бұзушылықтарға жол берудің негізгі себептері қолданыстағы заңнама талаптарын сақтамау, қызметкерлердің өздеріне жүктелген функционалдық міндеттерді тиісінше орындамауы және өз қызметтеріне немқұрайлылықпен қарауы, сондай-ақ бюджет қаражатын жұмсаудың негізділігі мен заңдылығы бөлігінде басшылық тарапынан әлсіз бақылау болып табылады.

Басқармада нормативтік-құқықтық актілерді зерделеуді тұрақты негізде енгізу, қолданыстағы заңнамаға сәйкес бюджет қаражаты мен мемлекет активтерін тиімді пайдалану жөніндегі жұмыстарды жалғастыру қажет.

### **3.3. Мемлекеттік аудиттің нәтижесі бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар**

1. «Түркістан облысы мемлекеттік сатып алу басқармасы қызметінің тиімділігіне және бюджет қаражаттарының пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша мемлекеттік аудиттің қорытынды материалдары Тексеру комиссиясының отырысында қаралсын.

2. Тексеру комиссиясының отырысы өткізілгенге дейін Басқарма тарапынан 2022 және 2023 жылдары айлық жалақыға негізсіз артық төленген

жалпы сомасы 8014,5 мың теңге қаржы бюджетке толық өтелгені, шарт негізінде жеткізу мерзімдерін кешіктірген өнім берушілерден барлығы 39,8 мың теңге тұрақсыздық айыппұлдары бюджетке өндірілгені және бухгалтерлік есептілікті жасау кезінде лауазымды адамның іс-әрекетінде ӘҚБтК-нің 238 бабына сәйкес, әкімшілік шара көру үшін Түркістан облысының Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне 2 материалдың жолданып, нәтижесінде 184,6 мың теңге айыппұл салынғаны назарға алынсын.

3. Түркістан облысы әкімдігі мен облыс мәслихаты аппараттарына аудиторлық қорытындыдан үзінді ақпараттар жолдансын.

4. Мемлекеттік аудит жүргізу барысында анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою және тәртіптік жауапкершіліктерін қарау үшін аудит объектісіне нұсқама жолдансын.

**5. «Түркістан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысына:**

1) 2024 жылдың 03 маусымына дейін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, бюджеттік және өзге де заңнаманың талаптарын сақтамаған жауапты тұлғалардың тәртіптік жауапкершілігі қаралсын;

2) 2023 жылдың 1 қаңтарындағы бухгалтерлік баланста көрсетілмей, 1 723 761 теңгеге бұрмаланған қаржылық есептілік және 2024 жылдың 1 қаңтарындағы бухгалтерлік баланста көрсетілмей, 6 290 759 теңгеге бұрмаланған қаржылық есептілік, 2024 жылдың 03 маусымына дейін бухгалтерлік есеп бойынша қалпына келтіру шараларын қабылдасын;

3) 2024 жылдың 15 шілдесіне дейін штаттық бірліктерде Басқарманың функциясы мен орналасқан ғимаратына сәйкес қажеттілігі жоқ (*аударма жөніндегі редактор, рұқсатнама бюросының инспекторы*) және 1 бірлік автомобиль жүргізушісі нормативтен артық болуына байланысты, қайта қарап, сәйкестікке келтіру шараларын қабылдасын.

**6. Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі А.Дарибаев «Түркістан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесіне ұсынымдар жолдасын:**

1) 2024 жылдың 15 шілдесіне дейін Басқармада өз қызметін ұйымдастыру және ішкі тәртібі бойынша мәселелерді реттейтін Регламентті әзірлеп, бекіту бойынша;

2) 2024 жылдың 15 шілдесіне дейін Басқарманың және құрылымдық бөлімшелердің жұмыс жоспарларын жасап, бекіту туралы.

### **3.4. Қосымша:**

1) Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі;

2) Іс-әрекеттерінде ӘҚБтК-нің 238 бабына сәйкес, әкімшілік іс жүргізуді қозғау үшін 2 әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар материалдары туралы мәлімет.